

Қазақстан Республикасының "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі туралы келісімге қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 467 Заңы

Қазақстан Республикасы Санкт-Петербургте 2000 жылғы 12 қыркүйекте жасалған "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі туралы келісімге қосылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

"Солтүстік-Оңтүстік"

**халықаралық көлік дәлізі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Ресей Федерациясының Үкіметі, Үндістан Республикасының Үкіметі, Иран Ислам Республикасының Үкіметі және Оман Сұлтандығының Үкіметі,

Олардың арасындағы достық қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты қолдауға, дамытуға және нығайтуға ТІЛЕК БІЛДІРЕ ОТЫРЫП,

Елдердің аймақтық және ғаламдық тұрғыдағы ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділігін ҰҒЫНА ОТЫРЫП,

Сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтуге және тиімділігін арттыруға үлкен мән БЕРЕ ОТЫРЫП,

Халықаралық сауда үшін және мемлекеттердің экономикалық дамуын жеделдету үшін транзиттік тасымалдар туралы бар уағдаластықтардың маңыздылығын ТАНИ ОТЫРЫП,

Тауарлардың олардың арасында, сондай-ақ басқа мемлекеттерге және басқа мемлекеттерден үздіксіз, уақтылы және тиімді қозғалысын дамытудағы өзінің ұстанымын АТАП ӨТЕ ОТЫРЫП,

Өздерінің жолаушылар мен тауарларды транзиттік тасымалдау режимдерін бар тәжірибенің негізінде және халықаралық конвенциялар мен стандарттарға сәйкес одан әрі дамытуға НИЕТ БІЛДІРЕ ОТЫРЫП,

Бар көлік инфрақұрылымын тиісті түрде пайдалану және "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі арқылы жолаушылар мен тауарлар тасымалдарын жүзеге асыру үшін барынша күш САЛА ОТЫРЫП,

ТӨМЕНДЕГІ ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ:

1 - б а п

АНЫҚТАМАЛАР

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мынаны білдіреді:

1.1. "Барлық көлік түрлері":

жолаушылар мен тауарлардың темір жолмен, теңізбен, автомобиль жолымен, өзенмен және әуемен тасымалдарын қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымы мен көлік құралдары. Үндістан үшін - бүгінгі күні тауарларды теңіз маршруттері бойынша ғана тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымы мен көлік құралдары.

1.2. "Жүктерді тасымалдау" - тауарлардың ескертілген шектерде физика-химиялық қасиеттері мен салмағы сақталуымен оларды орын ауыстыру бойынша көлік қызмет көрсетуінің түрі.

1.3. "Контейнер" - тасымалдауға арналған:

- ішіне тауарларды салуға арналған, толығынан немесе ішінара жабылған сыйымдылықты білдіретін;

- тұрақты сипатты және осыған байланысты көп мәрте пайдалануға болатындай жеткілікті берік конструкциясы бар;

- тауарларды аралық қайта тиеусіз бір немесе бірнеше көлік түрлерімен тауарларды тасымалдауды жеңілдету үшін арнайы құрастырылған;

- оны тиеу және түсіру оңай болатындай түрде құрастырылған және қолданыста қолайлы, атап айтқанда, бір көлік құралынан екіншісіне ауыстыру кезінде қолайлы;

- кемінде бір текше метр ішкі көлемі бар құрал.

1.4. "Тасымалдаушы" - жүктерді іс жүзінде жылжытушы не болмаса "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі бойынша Тарап - мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес тауарларды, жолаушыларды және олардың багажын халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралын пайдалану үшін жауапты болып табылатын заңды немесе жеке тұлға.

1.5. "Тауар" - вагондарда, контейнерлерде немесе Тарап - мемлекеттердің ұлттық заңнамасымен тыйым салынбаған көлік түрлерімен тасымалданатын жүктердің бүкіл түрлері.

1.6. "Тауарлардың халықаралық транзиті" - жіберу пункті мен жеткізу пункті осы мемлекеттің аумағынан тыс орналасқан тауарлардың Тараптардың аумақтары арқылы кедендік бақылаумен орын ауыстыруы.

1.7. "Халықаралық тасымалдау" - жолаушылардың/тауарлардың әртүрлі көлік түрлерінде осы Келісімнің, тіпті болмағанда, екі Тарапының мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүргізілетін орын ауыстыруы.

1.8. "Халықаралық көлік дәлізі" - Тараптарды байланыстыратын, тиісті түрде жайластырылған, (қазіргі бар, сондай-ақ жаңадан жасалып жатқан) магистральдық көлік коммуникацияларының, әдетте, жолаушылар мен тауарларды халықаралық қатынаста, олардың ең көп шоғырлану бағытында, тасымалдау қамтамасыз ететін әрқилы көлік түрлерінің жиынтығы.

1.9. "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі - Үндістаннан, Оманнан теңіз

арқылы, Иран, Каспий аймағы, Ресей Федерациясы арқылы одан әрі, сондай-ақ кері
б а ғ ы т т а .

1.10. "Жолаушы" - тасымалдауға шарт жасасқан, жеке тұлғаның кез келген көлік түрімен орын ауыстыруына байланысты көлік қызмет көрсетуін тұтынушы.

1.11. "Жолаушыларды тасымалдау" - жеке тұлғалардың (жолаушылардың) кез келген көлік түрлерімен орын ауыстыруы бойынша көлік қызметін көрсету түрі.

1.12. "Тиісті объектілер" - халықаралық көлік дәлізі шеңберінде " Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі бойынша тасымалдар үшін маңызды мағыналы қазіргі бар, сондай-ақ жаңадан салынатын мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерін, кеден бекеттерін, терминалдарды, вагон топтарын айырбастау станцияларын, доңғалақ жұптарын ауыстыру станцияларын, теміржол, автомобиль және құрастырылған паромдық өткелдерді/порттарды білдіреді.

2 - б а п

КЕЛІСІМНІҢ МАҚСАТТАРЫ

2.1. Осы Келісімнің мақсаттары мыналар болып табылады:

а) "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі бойынша жолаушылар мен тауарлардың тасымалдарын ұйымдастыру үшін көлік байланыстарының тиімділігін а р т т ы р у ;

б) Келісім Тараптарды - мемлекеттерінің теміржол, автомобиль, теңіз, өзен және әуе көлігінің халықаралық қызмет көрсету рыногына шығуына жәрдемдесу;

в) жолаушылар мен тауарлардың халықаралық тасымалдары көлемін ұлғайтуға ж ә р д е м д е с у ;

г) халықаралық стандарттарға сәйкес көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігін, тауарлардың сақталуын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;

д) осы Келісімді іске асыру мақсатында көлік саясатын, сондай-ақ көлік саласындағы құқықтық реттеуді үйлесімді ету;

е) "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі шегінде жолаушылар мен тауарларды тасымалдау кезінде әртүрлі көлік түрлерінде көлік қызмет көрсетуін жеткізушілер үшін тең, құқығын шектемейтін жағдайлар жасау.

2.2. 2.1-тармақта көрсетілген мақсаттарға сәйкес Тараптар:

а) олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы жолаушылар мен тауарлардың транзиттік тасымалдарының уақытын қысқартуға;

б) транзиттік тасымалдардың құнын ең төменгі деңгейге жеткізуге;

в) олардың тиісті аумақтары арқылы жолаушыларды, тауарларды транзиттік тасымалдауға қатысты бүкіл әкімшілік құжаттама мен рәсімдерді (кедендік ресімдерді қоса) қабылданған халықаралық келісімдер мен стандарттарға сәйкес оңайлатуға және бірдейлендіруге бағытталған барлық шараларды қабылдайды.

3 - б а п

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Келісім тиісті аумақтардың Құзыретті органдары анықтайтын бағыттар бойынша әртүрлі көлік құралдарымен немесе олардың құрастырма түрлерімен орындалатын Тарап-мемлекеттердің аумақтары арқылы жолаушылар мен тауарлардың халықаралық және транзиттік тасымалдарын реттейді.

3.2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптардың Құзыретті органдары мыналар болып табылады:

Үндістан Республикасында - Жер бетіндегі көлік министрлігі (Кеме қатынасы департаменті) және Өнеркәсіп және сауда министрлігі (Сауда департаменті);

Иран Ислам Республикасында - Жолдар және көлік министрлігі;

Оман Сұлтанлығында - Көлік және тұрғын үй құрылысы министрлігі;

Ресей Федерациясында - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі және Ресей Федерациясының Қатынас жолдары министрлігі.

3.3. Осы Келісім Тараптарының ұлттық заңдарына осы Келісім қайшы болмауы тиіс және Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелеріне қатысы жоқ.

4 - б а п

ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ТАУАРЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАРЫНА ЖӘРДЕМДЕСУ

4.1. Әр Тарап басқа Тараптарға осы Келісімде көзделген шарттармен оның мемлекетінің аумағы арқылы жолаушылардың, тауарлардың және көлік құралдарының халықаралық транзитіне құқық береді.

4.2. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер өз мемлекеттерінің аумағы арқылы тауарлардың халықаралық транзиттік тасымалдарына тиімді жәрдемдесуді қамтамасыз етеді.

4.3. Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер тауарлар мен жолаушылардың халықаралық транзиттік тасымалдарына тартылған қызметшілер үшін тиісті Тараптардың әрқайсысы белгілеген рәсімдерге сәйкес көп мәрте кіру визалары режимін енгізеді.

5 - б а п

САЛЫҚТАР, АЛЫМДАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕР

5.1. Тасымалдауға байланысты көлік қызметін көрсету үшін төленетін шығыстарды, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын пайдалану үшін төлемдерді қоспағанда, салықтар, алымдар және басқа да төлемдер аталуына немесе арналуына қарамастан транзиттік тасымалдарға қатысты алынбайтын болады. Көлік шығыстары төлемін және өзге де алымдарды алу тауарлардың транзиттік тасымалдарына қатысты Тараптар басқа елдерге ұсынатын шарттардан жеңілдігі кем емес шарттарда жүргізілуі тиіс.

5.2. Тараптар олардың елдерінің аумағында транзиттік режимдегі тауарлардан, кедендік ресімдеу, сақтау және өзге де ұқсас қызмет көрсету түрлері үшін алынатын алымдарды қоспағанда, кеден төлемдерін алмайды.

6 - б а п

ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІ

6.1. Тараптардың Құзыретті органдары осы Келісімді іске асыруға және оның ережелерін қолдануға қатысты мәселелерді реттеу мақсатында Үйлестіру Кеңесін құрады.

6.2. Осы Келісім Тараптарының Құзыретті органдарынан тұратын Үйлестіру Кеңесі өзінің осы Келісім күшіне енген күннен бастап алты айдың ішінде болуы тиіс бірінші отырысында өз қызметінің ережелері мен рәсімдерін белгілейтін Жарғыны бекітеді.

6.3. Үйлестіру Кеңесі жылына кемінде бір рет не болмаса осы Келісімнің кез келген Тарапының өтініші бойынша жиналады.

7 - б а п

ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

7.1. Осы Келісімді қолдануға, түсіндіруге, бұзуға байланысты туындайтын және келіссөздер арқылы шешілмейтін кез келген даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар Үйлестіру Кеңесіне қарауға және реттеуге беріледі.

7.2. Үйлестіру Кеңесі реттей алмайтын кез келген даулар, келіспеушіліктер немесе талаптар бүкіл Тараптармен келісілген өзге тәсілдермен шешіледі.

8 - б а п

ДЕПОЗИТАРИЙ

8.1. Иран Ислам Республикасы осы Келісімнің Депозитарийі болып табылады. Депозитарий осы Келісімге қол қойған Тараптарға оның расталған көшірмелерін жолдайды.

8.2. Депозитарий-мемлекет Тараптарға осы Келісімге басқа мемлекеттердің қосылуы туралы және кез келген Тарапқа қатысты осы Келісімнің қолданылуын тоқтату туралы хабарлайды.

9 - б а п

БЕКІТУ

9.1. Осы Келісім Тараптардың ұлттық талаптарына сәйкес бекітуге жатады. Бекіту туралы құжат депозитарий-мемлекетке сақтауға беріледі.

10 - б а п

КЕЛІСІМГЕ ҚОСЫЛУ

10.1. Осы Келісім басқа мемлекеттердің қосылуы үшін тек осы Келісімнің барлық Тараптарының келісуімен ғана ашық.

10.2. Қосылған мемлекет үшін Келісім қосылу туралы құжат депозитарий-мемлекетке сақтауға берілген күннен бастап 30-ыншы күні күшіне енеді. Қосылған мемлекет депозитарий-мемлекетке өзінің Құзыретті органдары туралы жазбаша хабарлайды, содан кейін Депозитарий-мемлекет осы Келісімнің басқа Тараптарының Құзыретті органдарына осы туралы хабарлайды.

1 1 - б а п

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

11.1. Осы Келісімге Үйлестіру Кеңесі әзірлеген рәсімдердің негізінде барлық Тараптардың Құзыретті органдарының келісуімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

1 2 - б а п

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

12.1. Осы Келісім ол күшіне енген күннен бастап он жыл ішінде қолданылады.

12.2. Осы Келісімнің қолданылу мерзімі, егер депозитарий-мемлекет осы Келісімнің қолданылу мерзімінің аяқталу күніне дейін кемінде алты ай бұрын осы Келісімге басында қол қойған кез келген Тараптан керісінше хабарлама алмаса, сол мерзімге жалғастырылуы мүмкін.

12.3. Осы Келісімнің қолданылуы осы Келісімнің Тарап-мемлекетінің аумағында осы Тарап өз аумағында оның қолданылуын тоқтату туралы ниетін депозитарий-мемлекетке жазбаша хабарлағаннан кейін алты айдан соң тоқтатылуы мүмкін.

12.4. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес қол қойылған келісімдер мен басқа уағдаластықтар бойынша міндеттемелер оның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де оларды толығынан орындағанға дейін күшін сақтайды.

1 3 - б а п

КҮШНЕ ЕНУІ

13.1. Осы Келісім депозитарий-мемлекетке кез келген үш Тарап ұлттық заңдарда көзделген рәсімдерге сәйкес мақұлданған бекіту туралы құжатты сақтауға тапсырған күннен бастап 30 күннен соң күшіне енеді.

13.2. Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тарап үшін осы Келісім ұлттық заңдарында көзделген рәсімдеріне сәйкес мақұлданған бекіту туралы құжатты депозитарий-мемлекетке сақтауға тапсырған күннен бастап 30 күннен соң күшіне енеді.

Санкт-Петербург қаласында 2000 жылғы 12 қыркүйекте ағылшын тілінде және осы Келісімге басында қол қойған Тараптардың ұлттық тілдерінде жалғыз данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіру мақсаттары үшін ағылшын тіліндегі мәтін қолданылады.

Осы жазылғанның дәлелдемесі ретінде Тарап-мемлекеттердің тиісті түрде уәкілеттендірілген төменде қол қойған өкілдері осы Келісімге қол қойды.

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Ү н д і с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

